**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

«КЕЛІСІЛДІ»
Қарағанды қаласы білім бөлімінің
«Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясы» КММ
директоры
______________ Оспанова К.Д.
«_10_»__________20_23_ж.

«БЕКІТЕМІН»
академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
Басқарма Төрағасы-Ректоры
______________ Н.О.Дулатбеков
«_30_»__________20_23_ж.

Қарағанды қаласы білім бөлімінің
«Абай атындағы мектеп-гимназиясы» КММ
директоры
______________Баймолдина Ж.С.
«_17_»___04____20_23_ж.

**«6В01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»**
**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**
Деңгейі: Бакалавриат

Қарағанды, 2023

**«6В01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:**

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы
- «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Респуликасының 1997 жылғы 11 шілдегі №151-І заңы.
- Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 (Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы.).
- Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері.
- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуір №152 бұйрығы (12.10.2018ж. №563 берілген өзгерістермен толықтырулармен).
- Жоғары және жоғарығы оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуші 2018 жылғы 13 қазандағы №569.
- «Педагог» кәсітік стандарты (Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқармасының «Атамекен» Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша).
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығы.
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министірінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 бұйрығы. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінде 2018 жылғы 10 мамырдан №199 берілген өзгерістермен толықтыруларммен.
- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінде 2018 жылғы 4 қыркүйектен №441 берілген өзгерістермен толықтырулар.

| № | Білім беру бағдарламасының төлқұжаты | |
|---|---|---|
| 1 | Білім беру бағдарламасының коды | 4 |
| 2 | Білім беру саласының, дайындық бағыттарының классификациясы және коды | 4 |
| 3 | Білім беру бағдарламасының тобы | 4 |
| 4 | Кредиттер көлемі | 4 |
| 5 | Оқу түрі | 4 |
| 6 | Оқыту тілі | 4 |
| 7 | Берілетін академиялық дәреже | 4 |
| 8 | Білім беру бағдарламасының түрі | 4 |
| 9 | БХСЖ деңгейі | 4 |
| 10 | ҰБШ деңгейі | 4 |
| 11 | СБШ деңгейі | 4 |
| 12 | Білім беру бағдарлмасының ерекшелігі (біріккен, қосдипломдық) | 4 |
| | ЖОО партнер (серіктес) | 4 |
| | ЖОО партнер (қосдипломдық ) | 4 |
| 13 | Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі | 4 |
| 14 | Білім беру бағдарламасының аккредитация мерзімі және аккредеттеу органының атауы | 4 |
| 15 | Білім беру бағдарламасының мақсаты | 4 |
| 16 | Түлектің біліктілік сипаттамасы | 4 |
| а) | Түлек лауазымдарының тізбесі | 4 |
| б) | Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері | 4 |
| в) | Түлектің кәсіби қызмет түрлері | 4 |
| г) | Түлектің кәсіби қызметінің функциялары | 5 |
| 17 | Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау | 6 |
| 18 | Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау | 7 |
| 19 | Оқыту нәтижелерін қалыптастыру матрицасы | 9 |
| 20 | «Сынып жетекшісінің қызметін ұйымдастыру» сертификациялық бағдарлама (майнор) | 20 |
| 21 | Модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін сәйкестендіру | 21 |
| 22 | Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері | 22 |
| 23 | Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі | 24 |
| 24 | 6В01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасын дамыту жоспары | 25 |

**Білім беру бағдарламасының төлқұжаты**

1 **Білім беру бағдарламасының коды:** 6В01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

2 **Білім беру саласының, дайындық бағыттарының классификациясы және коды:** 6В01 Педагогикалық ғылымдар, 6В013 пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау

3 **Білім беру бағдарламасының тобы:** В03 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

4 **Кредиттер көлемі:** 240 ECTS

5 **Оқу түрі:** күндізгі

6 **Оқыту тілі:** қазақ

7 **Берілетін академиялық дәреже:** «6В01301- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

8 **Білім беру бағдарламасының түрі:** әрекеттегі

9 **ББХСС бойынша деңгей (Білім берудің халықаралық стандарттың жіктелуі)** - 6 деңгей

10 **ҰБШ бойынша деңгей (Ұлттық біліктілік шеңбері)** – 6 деңгей

11 **СБШ бойынша деңгей (Салалық біліктілік шеңбері)** – 6 деңгей

12 **Білім беру бағдарламасының ерекшелігі:** жоқ
ЖОО партнер (серіктес) - жоқ
ЖОО партнер (қосдипломдық ) - жоқ

13 **Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі:** KZ83LAA00018495 №016 от 28.07.2020 г.

14 **Білім беру бағдарламасын аккредиттеу атауы және аккредиттеу мерзімі:** Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттігі. БСҚА агенттігінің SA-A №0135/1 мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлігі 02.05.2018 ж. – 28.04.2023 ж.

15 **Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Орта білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында ғылыми-педагогикалық, практикалық-бағдарлы қызметті жүзеге асыру үшін іргелі және қолданбалы білімі, зерттеу дағдысы бар жоғары білікті, бәсекеге қабілетті педагог дайындау.

16 **Түлектің біліктілік сипаттамасы**

**а) Түлек лауазымдарының тізбесі**

Бастауыш сынып мұғалімі.

**б) Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері**

Түлектің кәсіби қызмет саласы білім беру ұйымдары болып табылады.

Түлектің кәсіби қызметінің объектілері меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер болып табылады.

**в) Түлектің кәсіби қызмет түрлері**

- білім беру (педагогикалық, тәрбиелік);
- зерттеу (бастауыш мектепте білім беруді модельдеу, жобалау, білім беру мәселелерін шешуде шығармашылық ізденіс, инновациялық педагогикалық тәжірибені зерттеу, рефлексия);
- басқарушылық («субъект-субъект» жүйесіндегі өзара әрекет, білім берудегі менеджмент).

**г) Кәсіби қызметтің функциялары:**

- оқыту – оқу ақпаратын таратады, өз бетінше білім алуға үйретеді, білім алушылардың лингвистикалық қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, оқу сабақтарын құрастырады, оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде АКТ және т.б. пайдаланады;
- тәрбиелеуші – білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тартады, педагогикалық әдепті, педагогикалық этика ережелерін сақтайды, білім алушылардың тұлғасына құрмет көрсетеді, білім алушылармен өзара қарым-қатынаста демократиялық стильді басшылыққа алады, Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып тәрбие процесін құрады, жеке тұлғаның тілдік құзыреттілігі мен көпмәдениетін дамытады және т.б.;
- әдістемелік – білім беру процесін әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асырады, оқу-бағдарламалық құжаттаманы әзірлеу принциптері мен әдістерін және жағдаяттық педагогикалық міндеттерді құрастыруды басшылыққа алады, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін айқындайды, оқушылардың жалпы оқу біліктері мен дағдыларын дамытады, біліктілігін арттырады, кәсіби дамудың жеке жоспарын іске асырады және т.б.;
- зерттеу – білім беру ортасын зерттеудің ғылыми принциптері мен әдістерін және білім алушылар қызметінің психологиялық-педагогикалық мониторингін басшылыққа алады, білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін диагностикалау нәтижелерін олардың оқудағы қажеттіліктері мен қиындықтарын анықтау, сондай-ақ олардың жеке өсуін арттыру үшін пайдаланады және т.б.
- әлеуметтік – коммуникативтік-кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің мүдделі тараптарымен өзара іс-қимыл кезінде қарым-қатынас психологиясы білімін басшылыққа алады, білім беру ұйымының саясаты шеңберінде командалық жұмыс және кәсіби ынтымақтастық тәсілдерін пайдаланады, білім берудің стейкхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларға бастамашылық етеді және т.б.

**17 Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау**

**18 Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау**

**19 Оқыту нәтижелерін қалыптастыру матрицасы**

**20 «Сынып жетекшісінің қызметін ұйымдастыру» сертификациялық бағдарлама (майнор)**

**21 Модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін сәйкестендіру**

**22 Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері**

**23 Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі**

**24 6B01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасын дамыту жоспары**

## Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

| Құзырлылықтар түрі | Оқу нәтижесінің коды | Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша) |
|---|---|---|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Soft skills) | ОН1 | Адам және біртұтас жүйе ретінде қоғам туралы білімін, қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік шарттары, зиянды және қауіпті факторлардың адамға және табиғи ортаға әсері туралы білімді қолданады. |
| | ОН5 | Оқушылардың денсаулығын сақтау және жан-жақты дамыған жас ұрпақты тәрбиелеу үшін оңтайлы жағдай жасау бойынша жұмысты жүзеге асыра алады. |
| | ОН6 | Кәсіби қызмет міндеттерін шешу үшін еркін, қолжетімді, сенімді түрде ауызша және вербалды түрде қарым-қатынас жасай алады. |
| | ОН7 | Мұғалім мамандығының әлеуметтік мәртебесі мен маңыздылығын арттыруға бағытталған ұлттық білім беру жүйесінің қағидаттарын басшылыққа алады. |
| | ОН9 | Жан-жақты дамыған және бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу және оқыту үшін педагогикалық шеберліктің барлық элементтерін кешенді және тиімді пайдалану негізінде бастауыш мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру дағдылары бар. |
| | ОН14 | Коллаборативті орта құра алады, білім алушыларда рефлексия дағдыларын дамытады, ресурстарды, кері байланысты және білім алушыларды бақылауды тиімді пайдалана алады, педагогикалық процесті жетілдіру үшін қызметті талдай алады |
| 2. Сандық құзыреттіліктер: (Digital skills) | ОН8 | Білім алушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыру және оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқу үдерісін ұйымдастыруда оқытудың инновациялық технологияларын, белсенді және интерактивті әдістерін қолдану дағдыларына ие. |
| | ОН15 | Жалпы білім беретін оқу орындарында қашықтан білім беру технологияларын меңгерген, қашықтан оқыту әдістерін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, онлайн сервистерді, мектеп жүйесінде қашықтан оқытуға арналған платформаларды қолданады, қашықтан оқыту үшін тапсырмалар жасайды |
| 3. Кәсіби құзыреттіліктер: (Hard skills) | ОН2 | Теориялық білімді практикалық қолдану жазықтығына сәйкес аудару үшін педагогикалық ғылымның теориялық-әдіснамалық негіздерін пайдалану дағдыларын меңгерген. |
| | ОН3 | Педагогикалық менеджмент білімі негізінде білім беру үдерісін басқарудың принциптерін, нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады. |
| | ОН4 | Оқу-тәрбие міндеттерін тұжырымдайды және шешеді, білім алушылардың жасына, психофизикалық және жеке ерекшеліктеріне және ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің түрлері мен әдістерін қолданады. |
| | ОН10 | Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін олардың қызығушылықтары мен сынып ұжымының қажеттіліктерін ескере отырып, нәтижелерді диагностикалау мен қадағалаудың тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады. |
| | ОН11 | Бастауыш білім берудің өзекті мәселелерін шешуде және проблемаларды әзірлеуде зерттеудің теориялық, эмпирикалық әдістерін және әдіснамалық негіздерін қолдану негізінде білім беру ортасына ғылыми зерттеулер жүргізе алады. |
| | ОН12 | Оқу-тәрбие қызметінде бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарының пәндері бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының негізгі ережелерін басшылыққа алады. |
| | ОН13 | Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде бастауыш мектеп пәндері бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспарларын әзірлейді, орта білім берудің жаңартылған мазмұны шеңберінде сабақтар өткізеді және талдайды; білім алушылар қызметін критериалды бағалау қағидаттарын басшылыққа алады, қалыптастырушы бағалау стратегияларын қолданады, ойлау дағдылары деңгейлері бойынша тапсырмалар әзірлейді, жиынтық бағалау жүргізеді, білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін айқындау үшін модерация процесін жүзеге асырады |

## Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

| Оқыту нәтижесінің коды | Модуль атауы | Пәндер атауы | Көлемі (ECTS) |
|---|---|---|---|
| ОН 1<br>ОН 7 | Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері | Қазақстан тарихы<br>Философия<br>Қолданбалы бизнес<br>Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері<br>Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері<br>Ғылыми зерттеу негіздері | 5<br>5<br>5 |
| ОН 1<br>ОН 7 | Әлеуметтік-саясаттану білім модулі | Саясаттану, Әлеуметтану<br>Мәдениеттану, Психология | 4<br>4 |
| ОН 5<br>ОН 6<br>ОН 8<br>ОН 15 | Ақпараттық-коммуникативтік | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар<br>Орыс тілі<br>Шетел тілі<br>Дене шынықтыру | 5<br>10<br>10<br>8 |
| ОН 3<br>ОН 5<br>ОН 6<br>ОН 7<br>ОН 12 | Педагогикалық даярлау негіздері | Педагогика және білім берудің тарихы | 5 |
| | | Педагогика | 5 |
| | | Білім берудегі менеджмент | 5 |
| | | Инклюзивті білім беру | 5 |
| | | Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы | 5 |
| | | Латыннегізді қазақ жазуы | 4 |
| ОН 2<br>ОН 6<br>ОН 7<br>ОН 8<br>ОН 10 | Негізгі оқыту | Қазіргі заманғы қазақ тілінің негіздері | 4 |
| | | Жаратылыстану негіздері | 5 |
| | | Педагогикалық мамандыққа кіріспе | 5 |
| | | Мектептің оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары | 4 |
| | | Оқу | 2 |
| | | Оқу | 2 |
| ОН 2<br>ОН 3<br>ОН 6<br>ОН 9<br>ОН 10 | Сынып жетекшісінің қызметін ұйымдастыру (MINOR) | Педагогикалық шеберлік негіздері<br>Ойын технологиясы және балалар мерекелері мен балалардың бос уақытын ұйымдастыру | 4 |
| | | Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті<br>Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | 6 |
| | | Кіші жастағы оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру әдістемесі<br>Бастауыш мектепте дене шынықтыруды оқыту әдістемесі | 5 |
| | | Педагогикалық мониторинг негіздері<br>Бастауыш мектептің және отбасының өзара әрекет ету технологиясы | 5 |
| | | Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетінің негіздері<br>Кіші мектеп оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы | 5 |
| ОН 4<br>ОН 5<br>ОН 8<br>ОН 10<br>ОН 11<br>ОН 13<br>ОН 14<br>ОН 15 | Бастауыш мектепте педагогикалық процесті ұйымдастыру | Бастауыш сынып мұғалімінің әдістемелік жұмысының негіздері<br>Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі | 5 |
| | | Бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту әдістемесі<br>Бастауыш мектепте сандық білім беру ресурстарын пайдалану әдістемесі | 5 |
| | | Бастауыш сынып оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыру әдістемесі<br>Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру | 5 |
| | | Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі<br>Мектепалды даярлық сыныптарындағы мұғалім жұмысының әдістемесі | 6 |

| Оқыту нәтижесінің коды | Модуль атауы | Пәндер атауы | Көлемі (ECTS) |
|---|---|---|---|
| | | Бірінші сынып оқушыларын оқыту және тәрбиелеу<br>Педагогикалық инноватика | 4 |
| | | Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын дамыту әдістемесі<br>Шағын жинақталған бастауыш мектепте оқыту әдістемесі | 5 |
| | | Педагогикалық | 4 |
| ОН 1<br>ОН 4<br>ОН 6<br>ОН 8<br>ОН 12<br>ОН 13<br>ОН 14<br>ОН 15 | Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу пәндерін оқыту әдістемесі | Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі | 5 |
| | | Бастауыш мектепте «Қазақ (Орыс) тілі» пәнін оқыту әдістемесі | 5 |
| | | Бастауыш мектепте «Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту әдістемесі | 5 |
| | | «Әліппе, Ана тілі» пәнін оқыту әдістемесі | 5 |
| | | Бастауыш мектепте «Дүниетану» пәнін оқыту әдістемесі | 4 |
| | | Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнін оқыту әдістемесі | 4 |
| | | Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі<br>Бастауыш мектепте оқу серіктестігін ұйымдастыру әдістемесі | 4 |
| | | Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі<br>Бастауыш мектепте «Еңбекке баулу» пәнін оқыту әдістемесі | 4 |
| | | Бастауыш мектептегі вокалдық - хор жұмыстарының әдістемесі<br>Бастауыш мектепте «Музыка» пәнін оқыту әдістемесі | 4 |
| | | Кәсіби қазақ тілі<br>Іскерлік құжаттама тілі | 4 |
| | | Педагогикалық | 19 |
| | | Дипломалды | 3 |
| | Қорытынды аттестаттау | Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау, кешенді емтиханға дайындық және тапсыру | 8 |

## Оқыту нәтижелерін қалыптастыру матрицасы

| NN п/п | Пәндер атауы | Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөздер) | Кредит саны | Оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ON1 | ON2 | ON3 | ON4 | ON5 | ON6 | ON7 | ON8 | ON9 | ON10 | ON11 | ON12 | ON13 | ON14 | ON15 |
| **Жалпы білім беру циклы<br>ЖОО компоненті/Таңдау компоненті** | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D1 | Қолданбалы бизнес<br><br>Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері<br><br>Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері<br><br>Ғылыми зерттеу негіздері | Пән идеяларды генерациялаудан, құнды ұсыныстарды құрастырудан, нарықты зерттеуден, тұтынушыны, ресурстарды анықтаудан бастап, дайын стартап жобаның тұсаукесеріне дейін жеке бизнесті құру мен жүргізудің экономикалық негіздері саласында білімді қалыптастыру, сондай-ақ бизнес теориясы мен практикасын зерделеу негізінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады.<br>Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың теориялық заңдары мен заманауи тәсілдері қарастырылады. Курс төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін зерттеуге, антропогендік әрекеттің жағымсыз әсерлерінің дамуын болжауға арналған.<br>Пән білім алушылардың құқықтық тәрбие, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және құқықтық сана бойынша білімі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс қазіргі заманғы құқықтың негізгі салаларын оқуға, ҚР заңнамасын түсінуге, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдауға және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын әзірлеуге арналған.<br>Ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мақсатында зерттеледі. Курс шеңберінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғылымның орны, ғылыми танымның әдістері мен деңгейлері, ғылыми зерттеуді іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады. | 5 | + | | | | | | + | | | | | | | | |
| **Базалық пәндер циклы<br>ЖОО компоненті** | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D2 | Педагогика және білім берудің тарихы | Оқыту мен тәрбиелеу теориясы және практикасы саласындағы түрлі дәуірлер мен халықтардың көрнекті ойшылдарының әлемдік және отандық жетістіктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.<br>Педагогикалық ғылым мен практиканың тарихи даму мәселелері, әлемдік білім беру процесінің дамуының | 5 | | | | | | | + | | | | | | | | |

| NN п/п | Пәндер атауы | Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөздер) | Кредит саны | Оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ON1 | ON2 | ON3 | ON4 | ON5 | ON6 | ON7 | ON8 | ON9 | ON10 | ON11 | ON12 | ON13 | ON14 | ON15 |
| | | негізгі тенденциялары қарастырылады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D3 | Педагогика | Тұтас педагогикалық процестің мәні, оның мазмұны, ұйымдастыру принциптері, нысандары, әдістері, білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудағы субъектілік өзара әрекеттесу құралдары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.<br>Курс педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруда студенттердің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға және кәсіби бағдарын дамытуға арналған. | 5 | | + | | | | | + | | | | | | | | |
| D4 | Білім берудегі менеджмент | «Білім берудегі Менеджмент» курсы білім беруді басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеуге арналған. Курс Қазақстан Республикасында және шетелде қазіргі кезеңде білім беру жүйесін дамыту үрдістері мен стратегиялары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Осы курс шеңберінде білім беру ұйымын басқару әдістері мен нысандарына, білім беру ұйымындағы басқарудың жалпы қағидаттарына, тұтас педагогикалық процесті жоспарлау мен мониторингті ұйымдастыруға, педагогикалық ұжымды басқару проблемаларына байланысты мәселелер қарастырылады. | 5 | | | + | | | | | | | | | | | | |
| D5 | Инклюзивті білім беру | Курс заманауи білімдегі тенденциялардың бірі ретінде инклюзивті білім беру туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады.Әлемдіктәжірибе негізінде инклюзивті жағдайларды ұйымдастырудың әдістемелік мәселелері; ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны; инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын педагогтердің құзыреттілікталаптары қарастырылады. | 5 | | | | + | | | | | | | | | | | |
| D6 | Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы | Болашақ мұғалімнің мектеп жасындағы балалар денесінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері туралы заманауи ақпараттарды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Онтогенездің әр түрлі кезеңдеріндегі ағзаның тіршілік әрекетінің ерекшеліктері, мектеп жасындағы балалардың жеке мүшелері мен жүйелерінің құрылымы мен қызметі туралы сұрақтар қарастырылады.Курс педагогикалық мамандықтарға арналған және кәсіби бағытқа ие. | 5 | | | | | + | | | | | | | | | | |
| D7 | Латыннегізді қазақ жазуы | Қазақ тілінің орфографиясын, қазақ тілінің дәстүрі мен жаңалығын, қазақ тілінің лингвистикалық негіздерін, қазақ орфографиясының негізгі ережелерін негізгі және қосалқы ғылыми зерттеулерді меңгеру мақсатында | 4 | | | | | | + | | | | | | | | | |

| NN п/п | Пәндер атауы | Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөздер) | Кредит саны | Оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ON1 | ON2 | ON3 | ON4 | ON5 | ON6 | ON7 | ON8 | ON9 | ON10 | ON11 | ON12 | ON13 | ON14 | ON15 |
| | | оқытылады.<br>Қазақ жазуының даму тарихы, қалыптасу жолдары, латын графикасын дамыту, таңбалы қосымшалар бойынша білім мен практикалық дағдыларды кеңейту және тереңдету мәселелері қаралады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D8 | Қазіргі заманғы қазақ тілінің негіздері | Лингвистикалық бірліктердің жүйесі мен сипаты, фонетикалық және лексикалық бірліктердің құрылымы мен қолданылуының ерекшеліктері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады.<br>Тіл дамуының қазіргі кезеңінде болып жатқан тілдік процестердің мәселелері, фонетикалық, лексикалық, морфемалық, сөзжасамдық, морфологиялық, мәтінді синтаксистік талдау, қазіргі қазақ тілінің тілдік нормалары қарастырылады. | 4 | | | | | | + | | | | | | | | | |
| D9 | Жаратылыстану негіздері | Білім алушылардың жаратылыстану ғылыми негіздері түсініктерін қалыптастыру және зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту мақсатында оқытылады.<br>Курс білім алушылардың ғылыми зерттеу дағдысын: сұрақ қою және сол сұраққа жауап табу, зерттеу жоспарын дайындау және болжам жасау, сұрақтарға жауап табу үшін зерттеулер жүргізу; зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді жинақтау, өңдеу түсіндіру дағдыларын қалыптастыру бағытталған мәселелерді қарастырылады. | 5 | + | | | | | | | | | | | | | | |
| D10 | Педагогикалық мамандыққа кіріспе | Курс кәсіби педагогикалық қызметтің мәні мен ерекшелігі туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады.<br>Мұғалімнің кәсіби мәдениеті, кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу және жеке өсу, одан әрі білім беру бағыты мен кәсіби мансапты жобалау мәселелері қарастырылады.<br>Курс жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогикалық кәсіптің ерекшеліктерін және оның даму перспективаларын зерттеуге арналған. | 5 | | + | + | | | | + | | | | | | | | |
| D11 | Мектептің оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары | Инновациялық технологияларды қолдану бойынша білім, білік және дағдыларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі.<br>Курс «Педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне арналған қосымша кәсіптік білім беру бағдарламасының» мазмұнын зерделеуге арналған.<br>Оқытудың конструктивистік теориясына негізделген оқыту мен оқытуда инновациялық тәсілдерді қолдану мәселелері қарастырылады. | 4 | | | | | | | | + | | | | | | | + |

| NN п/п | Пәндер атауы | Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөздер) | Кредит саны | Оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ON1 | ON2 | ON3 | ON4 | ON5 | ON6 | ON7 | ON8 | ON9 | ON10 | ON11 | ON12 | ON13 | ON14 | ON15 |
| **Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті** | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D12 | Педагогикалық шеберлік негіздері. Ойын технологиясы және балалар мерекелері мен балалардың бос уақытын ұйымдастыру. | Курс педагогикалық шеберліктің құрылымы, оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешу үшін тұлғалық әлеуетті пайдалану механизмдері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әсер ету құралдары мен әдістері, педагогикалық техника туралы, театр педагогикасы мен шешендік өнердің элементтері, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас туралы сұрақтар қарастырылады. Ойын көмегімен балалар мерекелері мен балалардың бос уақытын ұйымдастыруда барынша тиімді әдістер мен формалар, құралдарды сараптау және таңдап алу іскерліктерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Ойын технологиясы және балалар мерекелері мен балалардың бос уақытын ұйымдастыру процесінде өзекті проблемалар бойынша білімдері мен практикалық дағдыларын кеңейту және тереңдету мәселелері қарастырылады. | 4 | | | + | | | + | | | + | | | | | | |
| D13 | Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік-психологиялық және коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мақсатында оқытылады. Педагогикалық қарым-қатынас стилі, мұғалімнің психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік даярлығы, кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың технологиясы және тренингі, педагогикалық қарым-қатынас шеберлігі, мұғалім мен оқушылардың өзара мәдени қарым- қатынасы, кәсіби педагогикалық қарым-қатынастың функциялары мәселелері қарастырылады. Тәрбиенің әдістері, тәсілдері, формалары мен құралдары туралы білімдері мен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мектептегі тәрбие жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру, оқушылар ұжымын қалыптастыру; қиын және дарынды балалармен сынып жетекшісінің жүйелі жұмысы, педагогикалық қолдау, тәрбие жұмысының нәтижесі мен тиімділігінің диагностикасы мәселелелері қарастырылады. | 6 | | + | | | | + | | | + | + | | | | | |
| D14 | Кіші жастағы оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру | Бастауыш сынып оқушыларындың салауатты өмір салтын ұстану бойынша білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс білім алушылардың СӨС дағдыларын қалыптастыру бойынша педагогикалық | 5 | | | | + | + | | | + | | | | + | + | + | + |

| NN п/п | Пәндер атауы | Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөздер) | Кредит саны | Оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ON1 | ON2 | ON3 | ON4 | ON5 | ON6 | ON7 | ON8 | ON9 | ON10 | ON11 | ON12 | ON13 | ON14 | ON15 |
| | әдістемесі<br>Бастауыш мектепте дене шынықтыруды оқыту әдістемесі | құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған. Бастауыш сынып оқушыларында салауатты өмір салтын қалыптастыру принциптері, әдістер мен практикалық ұсыныстар қарастырылады.<br>Бастауыш мектепте дене тәрбиесін ұйымдастыру әдістемесі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Дене тәрбиесінің принциптері, құралдары мен әдістері және бастауыш сынып оқушыларында қажетті физикалық қасиеттерді дамыту және белсенді өмір сүру әрекет дағдылардын қалыптастыру бойынша практикалық ұсыныстар қарастырылады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D15 | Бастауыш мектептің және отбасының өзара әрекет ету технологиясы.<br>Педагогикалық мониторинг негіздері | Курс баланы отбасында тәрбиелеумен байланысты педагогикалық міндеттерді шешу іскерлігі арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында оқытылады.<br>Отбасы және оның қызметі, құрамы; бастауыш мектептің отбасымен жұмысының міндеттері, қызметі, принциптері, функциялары, формалары, әдістері және үштік одақ ынтымақтастығын ұйымдастыру туралы мәселелер қарастырылады<br>Білім алушылардың педагогикалық процесті ұйымдастыру және бақылау әдістері туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады<br>Курс педагогикалық процесті жүзеге асыруға және білім беру жүйесінің жай-күйі туралы тұтас түсінік қалыптастыруға арналған.<br>Білім беру ақпаратын интерпретациялау мен педагогикалық жүйедегі сапалық және сандық өзгерістер мәселелері қарастырылады. | 5 | | | | | | + | | | | + | | | | | |
| D16 | Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетінің негіздері.<br>Кіші мектеп жасындағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы | Курс болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне рухани мәдениет негіздерін, принцитері, құрылымы, маңыздылығы жайлы білімдер жиынтығын меңгерту арқылы олардың рухани мәдениет деңгейлерін арттыру мақсатында оқытылады.<br>Мәдениет, рухани мәдениет, педагог қызметіндегі рухани мәдениеттің рөлі, мұғалімнің рухани мәдениетінің мәні мен мазмұны, мұғалімнің рухани мәдениетін қалыптастырудың принциптері мен психологиялық-педагогикалық шарттары, мұғалімнің рухани мәдениетін моделдеу мәселелері қарастырылады.<br>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде диагностикалық құралдарды теориялық әзірлеу және оларды бастауыш сынып оқушыларының жеке | 5 | | | | | | | | | | + | + | | | | |

| NN п/п | Пәндер атауы | Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөздер) | Кредит саны | Оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ON1 | ON2 | ON3 | ON4 | ON5 | ON6 | ON7 | ON8 | ON9 | ON10 | ON11 | ON12 | ON13 | ON14 | ON15 |
| | | психологиялық ерекшеліктерін анықтау үшін практикалық қолдану саласындағы дағдылар қалыптастыру мақсатында оқытылады.<br>Курс бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін зерттеуге арналған: сезім, қабылдау, ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қарым-қатынас және іс-әрекет процестері, оқыту және тәрбиелеу. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D17 | Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі. Бастауыш сынып мұғалімінің әдістемелік жұмысының негіздері | Ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру негіздері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.<br>Курс ғылыми-зерттеу мәдениетінің негіздерін меңгеруге, педагогикалық зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерін игеруге бағытталған.<br>Педагогикалық экспериментті ұйымдастыру және жүргізу мәселелері, зерттеушінің этикалық принциптері туралы мәселелер қарастырылады.<br>Жеке пән немесе оқу пәндерінің циклі бойынша оқыту нысандарын, әдістері мен құралдарын оңтайлы пайдалану бойынша білімдер мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады.<br>Әдістемелік қызмет және оның мазмұны, бастауыш мектепте әдістемелік жұмысты жүзеге асырудың ерекшеліктері, деңгейлері мен нысандары туралы сұрақтар қарастырылады. | 5 | | | | | | | | + | | | + | | | | |
| D18 | Бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту әдістемесі Бастауыш мектепте сандық білім беру ресурстарын пайдалану әдістемесі | Курс бастауыш мектепте цифрлық сауаттылықты қолдану әдістемесі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.<br>Заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дербес іске асыру; ақпаратты іріктеу, оқытудың оңтайлы әдістері, оқыту үшін ресурстарды дайындау мәселелері қарастырылады.<br>Курс бастауыш мектепте сандық білім беру ресурстарын қолдану әдістемесі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.<br>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін сандық білім беру ресурстарын пайдалануға дайындау бойынша білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға негізделген теориялық және әдістемелік сипаттағы міндеттерді шешу мәселелері қарастырылады. | 5 | | | | | | | | + | | | | | | | |
| D19 | Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Бастауыш сынып оқушыларының | Курс бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдіс-тәсілдерін игеруге бағытталған.<br>Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық | 5 | | | | | + | | | | | + | | | | | |

| NN п/п | Пәндер атауы | Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөздер) | Кредит саны | Оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ON1 | ON2 | ON3 | ON4 | ON5 | ON6 | ON7 | ON8 | ON9 | ON10 | ON11 | ON12 | ON13 | ON14 | ON15 |
